

## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 3 мамырдағы № 144 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 17 - бабының 5-1) тармақшасы және 69 бабына, "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Әуликөл аудандық жер телімін беру жөніндегі комиссия отырысының 2023 жылғы 10 ақпандағы № 3 хаттамасы және жерге орналастыру жобасы негізінде Әуликөл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 1-ші көтеру сорғы станциясына қызмет көрсету мақсатында "Әуликөл ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесіне Қостанай облысы Әуликөл ауданы Новонежин ауылдық округінің аумағында орналасқан алаңы 0,9663 гектар жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Әуликөл ауданы ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

2) осы қаулы ресми жарияланғанынан кейін Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Әуликөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Е. Теменов*